

**ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ**


ОСӨЖ

ЖҮРЕК-ҚАН ТАМЫРЛАР ЖҮЙЕСІНІҢ АУРУЛАРЫ. ЖҮРЕК АҚАУЫ

Орындаған : Попова К.В. 2-058 ЖМ
Тексерген : ф.ғ.қ. доцент Шахина С.Ж.

Қарағанды 2016

Жүрек пен қан тамырлар жүйесі — адам организміндегі ең бас жүйенің бірі. Оның негізгі қызметі — ағзалар мен ұлпаларды оттегімен, сумен және түрлі нәрлі заттармен қамтамасыз еткізіп, алмасуынан қалған керексіз заттарды денеден шығару.



Жүрек қан тамырлар жүйесінің аурулары

Әр түрлі аурулардың асқынуынан немесе жүрек және қантамыр жүйесі қызметі бұзылуы мен зақымдануынан пайда болатын аурулар. Жүрек ауруларының жиі кездесетін түрлері:

- ❖ *Жүректің ишемикалық ауруы* – жүрек бұлшық етін қанмен қамтамасыз етіп отыратын қан тасымалдаушы тамырлардың зақымдалуы;
- ❖ *Бас қан тамырларының ауруы* – миға қан тасымалдайтын тамырдың зақымдалуы;
- ❖ *Перифериялық артерия ауруы* – аяқ пен қолға қан тасымалдайтын қан тасымалдаушы тамырлардың ауруы;
- ❖ *Ревмокардит* – стрептококк бактерияларының ревматикалық шабуылының нәтижесінде жүрек бұлшық еті мен жүрек клапанының зақымдалуы;
- ❖ *Туа біткен жүрек ақауы* – баланың дүниеге келген шағынан жүрегінің деформациялануы;
- ❖ *Терең тамырлардың тромбозы және өкпе эмболиясы* – жүрек пен өкпеге жететін қанды тасымалдайтын аяқ қан тамырларында қанның ұйып қалуы;
- ❖ *Инфаркт пен инсульт*, әдетте, жүрек пен миға баратын тамырлар бітеліп қалған кезде мазалайды.

Инсульт

Артерияны тромб бітеп немесе жарылғанда ми тамырлары зақымданатын тамыр ауруы. Сол кезде жасушалар бұзылып, жансыздана бастайды. Инсульттан адам өліп кетеді немесе мүгедектікке әкеп соғуы мүмкін.

Инсульт белгілері:


- -беттің кенеттен жансыздануы немесе аяқ-қолдың әлсіреуі (дененің бір жағы жансызданып қалуы)
- -кенеттен көз қарауытып, көрмей қалу
- -тілі күрмелу, дұрыс сөйлей алмау
- -кенеттен себепсізден-себепсіз бас айналу
- -бас айналу, естен тану

Вена қантамырларының кеңеюі

Ұзақ уақыт аяғынан тік тұрып жұмыс істеген адамдарда вена қантамырлары кеңейеді. Кеңейген жерлерінде қанқатпа пайда болады. Сыртынан түйін-түйін болып көзге айқын білінеді. Вена қантамырларында қан қысымын жоғарылатады. Аяқ көп қимылдамаған соң оның бұлшықеттері де жиырыла алмайды. Қанқатпа ауруы асқынбау үшін көбірек қозғалу керек.

Қаназдық

Қаназдық (анемия) - қанда эритроциттердің азайып, гемоглобиннің кемуінен болатын ауру. Қаназдықтың болу себептері: денеден көп қан кету; химиялық заттардың, удың, безгек ауруының әсерінен эритроциттердің тіршілігін жоюы; кемік майы, бауыр, көкбауырдың зақымдануы; эритроциттердің түзілуіне қатысатын заттардың (темір, В12 витамині) жетіспеуі және т. б. Қан оттегіне қанықпағандықтан, мүшелер мен ұлпаларға оттегі жетіспейді. Зат алмасу бұзылады. Эритроциттердің мөлшері азайғанда қанның тұтқырлығы төмендеп, жүрек соғуы жиілейді. Қаназдықтан жүрекке көп күш түседі. Оны қан құю арқылы емдейді.




Жүрек ақауы

– жүрек қарыншалары мен жүрекшелерінің арасындағы қан өтетін саңылау тарылып, жүрек қызметінің бұзылуы. Мұның туа және жүре пайда болатын түрлері бар. Туа пайда болған жүрек ақауы көбіне ұрықтың дамуы кезінде, жүректің қалыпты жетілмеуінен болады. Жүре пайда болатын жүрек ақауы, негізінен, баспа, мерез, т.б. аурулардың асқынуынан болады.

Инфаркт миокардасы

Белгілері әртүрлі адамда әртүрлі болады. Жиі кездесетін белгілері:

- -кеуде жайсыздығы, әсіресе көкіректің орта тұсында, қысылып, күйіп толып тұрғандай сезіну, ауыру;
- -бір немесе екі қолда бірдей, иықта, мойында, арқада, жақта немесе іш тұсында жайсыз сезіну;
- -бас айналу, әлсіздік, тершендік, жүрек айну;
- -ауа жетпеу



Жүрек ақауы

«Жүрек ақауы» термині жүрек ауруының, жүректің қақпақша жүйесінің анатомиялық өзгерістері немесе ірі қан тамырларында жүрек аралық, жүрек пердесінің құлақша мен қарынша аралық патологиясы.

Жүрек ақауы туа пайда болған және жүре пайда болған жүрек ақауы деп екіге бөлеміз.

Туа пайда болған жүрек ақауы: Сәби дүниеге келместен (туылмастан) бұрын пайда болған ақау. Бұл жүрек аралық құлақшалар мен қарыншалар пердесінің дефектісі, ашық артериялы өзек, аорталық қақпақша немесе өкпе қақпақшаларының бұзылуы (патология).

Жүре пайда болған ж
ақауы: Адам өмірі
қайталама аурулардан
жүре пайда болған ақау. 2
пайда болған жүрек ақау
себептері әр түрлі. Ақау
түрлі, көбінесе ревматизі
кейін дамиды немесе е
бір ауру; инфекция
эндокрит.



Сирек кездесетін жүре пайда болған ақауы; атеросклероз, сифилис, диффузды аурумен қатар (системная красная волчанка, системная склеродермия) пайда болады. Көбінесе жиі кездесетін ақау; митральді қақпақша ақауы (сол жақ қарынша мен жүрекше (аорталық қақпақша ақауы)). Бұл екі ақауда бір кезде кездесіп қалуы мүмкін. Митральді ақ сумен, аорталық қақпақша ақаулары үш жармалы қақпақша жетіспеушілігінде қосылуы мүмкін (оң жақ қарынша мен құлақша). Үш жармалы қақпақша ақауы жалғыз кездеспейді. Қақпақша жүйесінің **екі түрлі** өзгерістері кездеседі:

1. Қақпақшаның жетіспеушілігі: Жармалы қақпақшаның жабылуы кезіндегі толық өз жұмысын атқара алмайды.
2. Стенозды жетіспеушілігі: Қарыншаның жиырылу кезінде; митральді қақпақша (атриовентрикулярного) тесікті жаппайды, ал нәтажесінде қан аортаға түсіп қала қоймай сол жақ жүрек құлақшасы қуысына енеді. Бұл қосымша қанды қабылдайтын бөлім, қабырғасы аортаға ұлғайып гипертрофияланады.

Әдебиеттің тізімі

- ▶ <https://prezi.com/2nbhwzmhtfb8/presentation/>
- ▶ <http://massaget.kz/layfstayl/Zdorove/21105/>
- ▶ <http://referat-kz.kz/referattar/biologiya/585-zhrek-aauy.html>